

СӘТБАЕВ  
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV  
UNIVERSITY

### Сәтбаев университетінде магистратураға қалай түсуге болады

Магистратураға түсуге өтініш бермес бұрын міндетті түрде [kb.satbayev.university](http://kb.satbayev.university) сайтында онлайн түрде тіркеліңіз.

Оператор тіркеуді растағаннан кейін университетке келесі құжаттарды жіберіңіз:

- 1) ұйым басшының атына жазылған өтініш (еркін түрде);
- 2) өтініш берушінің сауалнамасы (онлайн тіркеуден кейін электрондық пошта арқылы келеді);
- 3) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жеке есепке алу парағы және еңбек қызметін растайтын құжат (жұмыс тәжірибесі бар адамдар үшін);
- 6) өлшемі 3x4 сантиметр болатын алты фотосурет;
- 7) 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
- 8) IELTS, TOEFL және т.б. тестілеуден өткендігі туралы сертификаттың көшірмесі. (Егер бар болса, 1-қосымша);
- 9) Тестілеуге төлем туралы түбіртек.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелері олардың түпнұсқаларымен бірге, тексеру үшін берілу қажет. Тексеруден кейін түпнұсқалар қайтарылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген) Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларына сәйкес танылады немесе нострификацияланады.

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады::

Ағылшын тілі: TOEFL ITP –460 ұпайдан кем емес, TOEFL IBT– 87 ұпайдан кем емес, TOEFL – 560 ұпайдан кем емес, IELTS –5.5 ұпайдан кем емес.